

**Кімге:** «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына

**Кімнен:** «JasART» жеке меншік мекемесінен

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқамерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

<b>1. Өтініш беруші</b>				
1. БСН	131240019918			
2. Ұйымның тіркелген күні	01 маусым 2022 жылы			
3. Ұйымның толық атауы	<b>«JasART» жеке меншік мекемесі</b>			
4. Ұйымның заңды мекенжайы	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 5 ш/а, 20 үй, 85 пәтер			
5. Ұйымның басшысы	Тегі <b>Исаева</b>	Аты <b>Алия</b>	Әкесінің аты <b>Жангелдинқызы</b>	Лауазымы <b>Директор</b>
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	<p>“JasART” жеке меншік мекемесінің негізгі қызметтерінің бірі жаңа қазақстандық патриотизмді – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамдық қатынастарды дамытуға арналған іс- шаралар <b>болып табылады.</b></p> <p><b>Жарғы қызметі бойынша:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Діни экстремизмнің зорлық-зомбылық көріністері мен терроризм қауіптерінен адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;</li><li>• Қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру;</li><li>• Қазақстан Республикасы халқының радикалдануына сыртқы факторлардың ықпал етуін төмендету.</li><li>• Діни экстремизм мен терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ олардың салдарын барынша азайту және (немесе) жою жүйесін жетілдіру Мемлекет тілдің мәртебесін арттыру мақсатында кешенді шараларды жүзеге асыру, ұйымдастыру, өткізу.</li></ul>			

- қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға арналған шараларды, ұйымдастыру және өткізу;
- Діни алауыздықты немесе араздықты тудыруға бағытталған экстремистік идеяларды жақтайтын адамдар санын азайту.
- Радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және қарсы насихаттау жұмыстарымен діни топтар мен қауымдарды қамту
- Радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға және радикалданудан бас тартуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және қарсы насихаттау жұмысымен қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде отырған сотталған адамдарды қамту;
- бұқаралық іс-шараларды (дөңгелек үстелдер, семинарлар), ғылыми-қолданбалы, талдамалық, әлеуметтанушылық зерттеулерді, бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін және өзге де ақпараттық материалдарды сараптамалық зерттеулерді өткізуді, сондай-ақ ақпараттық материалдарды дайындауды (топиктер, буклеттер, роликтер) көздейтін терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес мәселелері бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру;
- орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарында оқитындарды рухани-адамгершілік, оның ішінде үкіметтік емес секторды тарта отырып тәрбиелеу бойынша іс-шараларды өткізу;
- интернет және әлеуметтік желілер арқылы радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті, діни қатынастар саласындағы радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға және радикалсыздандыруға үкіметтік емес ұйымдарды ұйымдастыру сондай-ақ, қоғамдық пікір көшбасшылары арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Діни экстремизм мен терроризм, радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жүргізетін мамандардың біліктілігін арттыруға мақсатында оқыту семинар- тренингтер, мастер – кластар ұйымдастыру, өткізу;
- дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты және ұлттық қағидаларды қорғау;
- бостандығынан айыру орнында отырған немесе шыққан діни теңдестірілу тұлғаларын орталықтар құру немесе көмек көрсету бойынша комиссия арқылы оңалту қызметің жүзеге асыру;
- жергілікті антикварлы кітаптардың және тарихи атрибутикалардың әйгілеуіне мүмкіндік туғызу;
- деструктивті әдебиеттер және радикалды мәнді материалдармен күрестегі сараптық кеңестің жұмысына көмектеседі;
- Қазақстандық жастарды және балаларды патриотизмге және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық шынайы көзқарасты ояту мақсатында саяси, рухани- танымдық және сауықтыру лагерлері, тренинг- семинарлар, конференция, мастер класстар, интеллектуалдық ойындар, ұлттық спорттық шаралар, зерттеу және зерделеу жұмыстары, спектакль және шағын көрініс, онлайн, оффлайн т.б әртүрлі шаралар ұйымдастыру, өткізу.

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлттық құндылықтарды ой елегінен өткізіп, терең зерделеу, дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне іс-шаралар ұйымдастыру.</li> <li>• Қазақстанның тарихында және өзінің ізін қалдырған қайраткерлерді яғни әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесін таныту, дәріптеу мақсатында көркем және деректі фильм, бейне - ролик, галерея және саяхат, шығармашылық кештер, сайыстар және т.б шаралар дайындау, өткізу.</li> <li>• Қазақстандық жастарды және балаларды патриотизмге және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық шынайы көзқарасты ояту мақсатында саяси, рухани- танымдық және сауықтыру лагерлері, тренинг- семинарлар, конференция, мастер класстар, интеллектуалдық ойындар, ұлттық спорттық шаралар, зерттеу және зерделеу жұмыстары, спектакль және шағын көрініс, онлайн, оффлайн т.б әртүрлі шаралар ұйымдастыру, өткізу.</li> <li>• Ұлттық құндылықтарды ой елегінен өткізіп, терең зерделеу, дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне іс-шаралар ұйымдастыру.</li> <li>•</li> </ul>
<p>7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 14-29 жас аралағындағы жастар;</li> <li>• Жастар ұйымдарының жас мүшелері мен жетекшілері;</li> <li>• Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары;</li> <li>• Өңірдегі әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген 14 – 29 жас аралығындағы жастар</li> <li>• Саяси партиялар жанындағы жастар қанаты;</li> <li>• Волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар;</li> <li>• Өндірістік кәсіпорындары жанындағы Жас мамандар кеңесінің мүшелері;</li> <li>• Үкіметтік емес ұйымдар</li> </ul>
<p>8. Ұйымның байланыс телефоны</p>	<p><b>8 (776) 478 72 29</b>  <b>8 (775) 478 72 29</b></p>
<p>9. Электрондық пошта мекен жайы</p>	<p><a href="mailto:jasartmangystau@gmail.com">jasartmangystau@gmail.com</a></p>
<p>10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты</p>	

<p>11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)</p>	<p><b>Инстаграм: jasartmangystau</b>  <a href="https://www.instagram.com/reel/CnRzqhdqmcj/?igshid=NTdlMDg3MTY=">https://www.instagram.com/reel/CnRzqhdqmcj/?igshid=NTdlMDg3MTY=</a>  <i>(оқырман саны 359, материал саны 81)</i></p> <p><b>Фейсбук: JasArt Mangystau</b>  <i>(оқырман саны 106, материал саны 81)</i>  <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100084345035275&amp;mibextid=LQQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100084345035275&amp;mibextid=LQQJ4d</a></p>									
<p>12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар *  Ескерту.  * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып абылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздересебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.</p>	<p>№</p>	<p>Әлеуметтік жобаның атауы</p>	<p>Қаржыландыру көлемі (теңге)</p>	<p>Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші</p>	<p>Орындау кезеңі</p> <table border="1" data-bbox="1402 598 1711 1441"> <tr> <td>Басталуы</td> <td>Аяқталуы</td> </tr> <tr> <td>29.07.22</td> <td>30.11.22</td> </tr> </table>	Басталуы	Аяқталуы	29.07.22	30.11.22	<p>Негізгі нәтижелері</p>
Басталуы	Аяқталуы									
29.07.22	30.11.22									
	<p>1.</p>	<p>«Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру»</p>	<p>13 075 900 (он үш миллион жетпіс бес мың тоғыз жүз )</p>	<p>Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы</p>	<p>29.07.22</p> <p>30.11.22</p>	<p>1. Драматург <b>Қолғанат Мұрат</b> «Кіндік» діни пьесаны арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p><b>«Кіндік» спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ, 10 мин болды.</b></p> <p>Премьерасы Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрында өтті.</p> <p>2. Драматург <b>Қолғанат Мұрат</b> «Той көйлек» пьесасы арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p><b>«Той көйлек» спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ, 10 мин болды.</b></p> <p>Премьерасы Жастар үйінде өтті.</p>				

						<p>3. Драматург <b>Наурызбай Асылбеков</b> «ДАҚ» пьесаны арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p><b>«Дақ» спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ болды.</b></p> <p>4. Драматург Жансерік Құттыбайдың <b>«Кайф»</b> пьесаны арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p><b>5. «Кайф»</b> спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ болды.</p> <p>Премьералары Жастар үйінде өтті.</p> <p>Драматург <b>Қырғызбай Ақжол</b> <b>«Пирамида»</b> пьесаны арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p><b>«Пирамида»</b> спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ болды.</p>
	<p>2. Қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем</p>	<p>3 420 000 (үш миллион төрт жүз жиырма мың)</p>	<p>Маңғыстау облыстық дін істері басқармасы</p>	<p>30.10.22</p>	<p>31.12.22</p>	<p>«Дін және спорт», «Шетелде діни білем алу қауіпті», «Мектеп формасын сақтау!», «Жастардың дінге деген көзқарасы қандай?», «Дәстүрлі өнер мен дәстүрлі діннің сабақтастығы бар ма?»,</p>

	<p>төзбеушілікті қалыптастыруға негізделген ғаламтор желісіне орналастыратын подкаст сұхбат түсірілімін дайындау қызметі</p>				<p>«Қазақ жастары және дін», «Алаш арыстарының діни сауаттылығы қандай болды?» тақырыбында подкаст түсірілді.</p>
--	--	--	--	--	---

## 2. Әлеуметтік жобаның командасы

<p>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</p>	<p><b>Штаттық қызметкерлер:</b></p> <p><b>Жоба жетекшісі, режиссер - Исаева Алия Жангелдинқызы</b></p> <p><b>Жұмыс тәжірибесі:</b>  2008- 2010 ж.а - № 7 жалпы орта мектебі - Тәлімгер, ұйымдастырушы  2010 - 2014 ж.а - № 28 «Балдәурен» балабақшасы - Әдіскер  2014 - 2018 ж.а – «Ақ жол» ҚДП МОФ Жастар қанатының жетекшісі, «Ақ жол - жастар» жастар театрының жетекшісі;  2019 – осы күнге дейін Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық драма театрының режиссері</p> <p><b>Білімі:</b>  Бакалавр, Ш.Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті  Бакалавр, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы</p> <p><b>Біліктілігі:</b> «Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру» және Қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға негізделген ғаламтор желісіне орналастыратын подкаст сұхбат түсірілімін дайындау қызметі» жобаларының жетекшісі және көптеген шоу қойылым және концерттердің жетекшісі.</p> <p><b>Есепші маман – Мінәс Мөлдір Махамбетқызы</b></p> <p><b>Жұмыс тәжірибесі:</b>  2011- 2012 жж. “№ 24 жалпы орта мектебі- Есепші  2012 -2020 жж. ҚР Сыбайлас Жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агентігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің есепші</p>
---	--

2020 -бүгінге дейін Маңғыстау облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің - Қаржы бөлімінің бас маманы

**Білімі:**

Бакалавр, Ш.Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

**Біліктілігі:**

- **2019ж. бухгалтерлік біліктілікті арттыру курстары**
- **2021ж. кәсіби мамандандырылған бухгалтер курстары**
- «Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру» және Қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға негізделген ғаламтор желісіне орналастыратын подкаст сұхбат түсірілімін дайындау қызмет» жобаларының және басқа да коммерциялық жобалардың бас есепшісі.

**СММ маман – Сұлтан Нұрбақыт Сайлыбайқызы**

**Жұмыс тәжірибесі:**

2015 қазан - 2016 ж. ақпан «Таланттар академиясы" оқушылар мен мұғалімдердің қоғамдық ұйымы - пиар-менеджер

2013 жылдан бастап "Ұлан", "Ақжелкен" республикалық балалар мен жасөспірімдер газеті мен журналы - штаттан тыс

тілші

2016 жыл қараша-2017 жыл шілде «Жұлдыздар отбасы» журналы және juldyz.kz сайты - тілші

2017 жыл шілде – 2018 жыл маусым «Baribar.kz» сайты - тілші

2018 жыл, 10 қыркүйек – 2018 жыл 10 желтоқсан А.Жұбанов атындағы РҚММИ - Баспасөз хатшысы

2019 жыл, 1 ақпан – 2019 жыл 5 маусым Алматы технологиялық университеті - «Технолог» газетінің редакторы

2019 жыл 12 тамыз – 2020 жыл 30 тамыз Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталық КММ - Медиа бөлімінің маманы

2020 жыл 1 қыркүйек – 2020 жыл 31 желтоқсан Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті - Журналистика кафедрасында оқытушы

2021 жыл 1 қаңтар – 2021 жыл 1 желтоқсан «Baribar» ақпараттық порталы - Журналист

2021 жыл 23 желтоқсан – қазірге дейін «Елорда Ақпарат» ЖШС «Астана ақшамы» газеті - Журналист

**Білімі:**

- Бакалавр, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, журналистика факультеті (2014-2018 жж.)

**Біліктілігі:** 2019ж. Смм маманы және маркетинг курстары

**3. Жоба туралы**

<p>1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты</p>	<p>Танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу</p>
<p>2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы</p>	<p>«Jasart Talks» жобасы</p>
<p>3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)</p>	<p>Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туды. Соңғы жылдары Орталық Азия аумағында жалпы экстремизм түрлерінің қаупі күшейді. Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және ішінара Қазақстан Республикаларындағы әртүрлі экстремистік бағыттағы ұйымдар тарапынан болған жағдайлар, жалпы экстремизм түрлерінің, оның ішінде діни экстремизм құбылысын зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Себебі діни экстремизм – діни артықшылық, діни алауыздық, жеккөрушілік, дінді саясаттандыру сияқты ең шеткі қисынсыз көзқарастары мен әрекеттері арқылы пайда болатын қоғамға қауіпті құбылыс болып табылады. Қазақстан тек этностық немесе діни көзқарастарды негізге ала отырып, қандай да бір қақтығысушы елдерге ешқашан қолдау көрсеткен емес. Себебі, Қазақстанда «сөз бостандығын» жамылып, ұлттық немесе діни қадір-қасиетін қорлауға ешкімге жол берілмейді.</p> <p>Дегенмен, діни экстремизм өте ауыр әлеуметтік-құқықтық және этно-психологиялық мәселе бола отырып, көпәспектiлi болып табылады. Алайда конфессионалдық тұрақсыздықтың бiзде де бой көтеруiнiң белгiлi бiр қаупi бар. Әрине, осы қауiптi өз уақытында сезiнiп, алдын алу қажет. <b>Жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу шаралары бойынша жұмыс ең алдымен, өскелең ұрпаққа берiлетiн тәрбиенен ұштастырыла атқарылуы тиiс. Себебi бүгiнгi жас буын ертеңгi елдiң келешегiн құратын, тiзгiнiне ие болатын аға буынға айналмақ.</b></p> <p>Сондай-ақ, экстремистік топтар тарапынан жаңа жақтастарды қатарына тарту үшін барлық қол жетімді мүмкіндіктер қолданылады: әлеуметтік желілер, тақырыптық форумдар, мессенджерлер, онлайн ойындар және т.б. жарияланатын ақпарат белгілі бір мақсатты аудитория (жабық чаттар және әлеуметтік желілердегі топтар), сондай-ақ пайдаланушылардың кең ауқымы үшін дайындалады. Онлайн кеңістігіне көшуге байланысты экстремистік мазмұндағы ақпараттық-насихаттық материалдардың жарияланатын контентінің сапасы мен санының артуы байқалады.</p> <p>Экстремистік ұйымдардың негізгі мақсатты аудиториясы әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа факторлардың әсерінен берік идеологиялық көзқарасы қалыптаспаған жастар санаты (18-29 жас аралығында) болып табылады. Жастардың интернет арқылы радикалдануы жаһандық үдеріс, оның аясында әлеуметтік желілер зорлық-зомбылықты насихаттаудың, радикалды идеялардың таралуының стратегиялық құралы ретінде қолданылады. Әлеуметтік желілер мен SMM жарнамалық құралдарын пайдалану арқылы халықаралық террористік ұйымдардың көшбасшылары өз аудиториясының негізгі қажеттіліктерін анықтап, соған сәйкес материалдар дайындайды (жоғары сапалы аудио-бейне контент, мемдер, комикстер, суреттер, өлеңдер және т.б.).</p>



Бұл ақпараттарды онлайн таратудың тиімділігі мен ыңғайлылығына, географиялық шоғырлануына қарамастан интернет желісін пайдаланушылардың жалпы саны – 4,54 млрд, Қазақстан аумағында – 19 млн адамнан 17,5 млн адамы қамтиды екен. Ал Маңғыстау облысында 2023 жылғы 1 қаңтардағы статистикасы бойынша 766 956 мың адам болса, әлеуметтік желіне қолданатында саны 600 мың десек, барлық жастар ақпараттанып жатыр деген сөз. (<https://www.stat.gov.kz/region/260907>)

Маңғыстау облысы дін істері басқармасының 2022 жылда жүргізілген өңірдегі қарсы насихат жұмыстары интернет кеңістігі арқылы, БАҚ өкілдері арқылы жүргізген. Сондай-ақ, 2022 жылдың 12 айында ВКонтактеде 12 931 парақшамен жұмыс жасалып, парақшалардың барлығына (100 пайыз) топтан шығу туралы хабарлама жіберілген, 1166 парақша кері қоңырау шалып 1464 азамат хат арқылы хабарласып, түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде 4457 парақша теріс бағыттағы топтардан шығарылған екен. Теріс діни материалдарды жүктеген және жариялаған 53 парақша дінтану сараптамасына жолданып, оның 5-ақаулы, 5-оң, 35-теріс қорытынды алды, ал 8 парақшаға сараптама жүргізіліп, теріс қорытынды алған 26 парақша құқық қорғау органдары мен мемлекеттік органдарына шара қолдану үшін жолданып, бүгінгі таңда 9 парақша иесіне әкімшілік жаза қолданылып, айыппұл салынған. Бірақ, айыппұл салудан көрі азаматтарға түсіндіру жұмыстарына басымдық берген жөн.

Бұл сын-қатерлер мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамдастық тарапынан жүйелі шешімдердің қабылдануын талап етеді. Жаңа технологиялардың даму ғасыры жастар арасында онлайн кеңістікте діни экстремизмнің алдын алудың тиімді тетігін құру қажеттілігін айқындады.

Сондай - ақ, Деструктивті діни ағымдарды ұстанушылар туралы ресми нақты ақпарат таратылмайды, жарияланбайды. Десекте, Маңғыстау облысындағы 766 956 мың адамдардың, 15% - ы дінге сенушілер деп алсақта, ол көп. Сол себепті, дін, қоғам және мемлекет, отбасы, дәст.р, мәдениет және білім тақырыптарын ұстастыра отырып ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізудің жаңа тетігін қарастырады.

Оңалту «салдармен» жұмыс болса, ал ақпараттық түсіндіру «себеппен» жұмыс деген ұсынымдарды ескеру керек. Нақтырақ айтсақ, сапалы түсіндіру, қарсы насихат шарасы арқылы тұрғындардың деструктивті діне ағымдарға енуінің алдын алады. Демек, біздер қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психологтарымызбен кездесу өткізіп, әлеуметтік желіге сапалы видеолар жүктеп, діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алуда ақпараттық түсіндіру жұмыстарында танымал тұлғаларды қатыстыра отырып шараларды ұйымдастырудың жаңаша форматта өткізу керек.

**Аталған мәселелерді ескере отырып, танымал тұлғаларды тарта отырып деструктивті идеологияға тұрақты иммунитетті қалыптастыру үшін жастардың, тұрғындардың қатысуымен «Jasart Talks!» жобасын ұсынады.**

4. Әлеуметтік жобаның мақсаты

Танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу

<p>5. Әлеуметтік жобаның міндеттері</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жоба аясында Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог т.б. кемінде 5 тұлғаны Маңғыстау өңірінде өтетін шараларға қатыстыру;</li> <li>2. Жобаны іске асыру шеңберінде өткізілетін шаралар TedX форматында болуын қамтамасыз ету;</li> <li>3. кем дегенде 3000 жасқа, тұрғынға діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алу бойынша ақпарат беріліп, олардан кері байланыс алынуы тиіс;</li> <li>4. Жоба аясында өткізілетін шараға әр-түрлі санаттағы аудиториялардың (жастар, өндіріс жастары, мұнай саласының мамандары, ауыл тұрғындары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері) қатысуын қамтамасыз ету.</li> <li>5. Әр өткізілген шарадан кейін кемінде 5 адамнан шара туралы сұхбат алып, видеоға түсіріп, жариялау;</li> <li>6. Әр өткізілген шараны басынан соңына дейін толық видеоматериалын түсіру;</li> </ol>
<p>6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межелеңген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).</p>	<p>«JasArt» жеке меншік мекемесі ҚР танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізудің кешенді үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастырады. Сондай-ақ, барша жастардың деструктивті идеологияға тұрақты иммунитетті қалыптастыру үшін алға қойып отырған аса жауапты міндетті шешуге жұмылдыратын, баурап әкететін жаңа форматта заманауи болуын қадағалап, олардың әлеуетін арттырудың жаңаша құралын ұсынады.</p> <p>Сонымен қатар, жобаны тиімді іске асыру және қойылған нәтижелерге қол жеткізу үшін белгіленген мақсаттар мен міндеттерді толық жүзеге асырады және жоба аясында өткізілетін шараларды әлеуметтік желілерге жариялап отырады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>1. Жоба аясында Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог т.б. кемінде 5 тұлғаны Маңғыстау өңірінде өтетін шараларға қатыстыру;</b></li> </ol> <p><b>№1 әрекет.</b> Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог жас ұрпақтың көкейіне ой салып, үлгі көрсетіп жүрген кемінде 5 (бес) тұлғалармен заманауи еркін форматта кездесу өткізіледі.</p> <p><b>№2 әрекет.</b> Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог яғни спикерлер шақырылады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>1. Филология ғылымдарының кандидаты, ұстаз, ғалым, абайтанушы, жазушы, аудармашы, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетіндегі еңбек құндылығының Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын зерделеуші - Омар Жәлел</b></li> </ol>

2. Джиу-джитсудан Қазақстан чемпионы, ережесіз жекпе-жектен әлемнің екі дүркін чемпионы және әлем кубогының иегері, Еуразияның екі мәрте чемпионы, Азия чемпионы, Еуропа – Азия матчтық кездесуінің жеңімпазы, Еуропа чемпионы, Санкт-Петербург, Бішкек, Владивосток, Сеул қалаларында өткен халықар. турнирлердің жеңімпазы - спортшы **Ардақ Назаров.**
3. Танымал имам, әлеуметтік желінің «жұлдызы» атанған теолог, дінтанушы **Нұрлан қажы Байжігітұлы Асанов**
4. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының директоры, Филология ғылымдарының кандидаты, араб әдебиеті (құрантану) бойынша ғылым магистрі, «Дін. Дәуір. Дәстүр» атты зерттеулер жинағының авторы, парапсихолог, психолог, НЛПер Халықаралық дәрежедегі кәсіби коуч, ҚР Халық емшісі - **Айнұр Әбдірәсілқызы**
5. Тұлғалық жан-жақты жетілуге арналған кітап авторы, белгілі дінтанушы, Әзірет Сұлтан мешітінің бас имамы белгілі дінтанушы, Әзірет Сұлтан мешітінің бас имамы **Қайрат Жолдыбайұлы**

### №3 әрекет.

2. **Жобаны іске асыру шеңберінде өткізілетін шаралар TedX форматында болуын қамтамасыз ету;**

**№1 әрекет.** «Jasart Talks» TEDx форматындағы кездесуді өткізіледі.

**№2 әрекет.** «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу Маңғыстау облысына қарасты аудандарда, Қаражанбас кен орнында өтеді. Атап айтсақ, Ақтау қаласы – 2 рет, Жаңаөзен қаласы- 1 рет, Мұнайлы ауданы-1 рет, Түпқараған ауданы- 1 рет , Қаражанбас кен орны -1 рет ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, Спикерлердің келуін тиімді пайдаланып басқа аудандарға да «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу ұйымдастыру жоспарланады.

3. **Кем дегенде 3000 жасқа, тұрғынға діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алу бойынша ақпарат беріліп, олардан кері байланыс алынуы тиіс;**

**№1 әрекет.** Әр «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу өткізетін спикер толық ақпарат беріліп, арнайы афиша немесе бейнеролик дайындалып, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларымызда және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ арқылы аккаунттары тартылатын болады.

**№2 әрекет.** Діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алуға арналған әлеуметтік желіден сауалнама жүргізіледі. Сондай-ақ, 0.1 % қатысушылардан сауалнама алынады.

**4. Жоба аясында өткізілетін шараға әр-түрлі санаттағы аудиториялардың (жастар, өндіріс жастары, мұнай саласының мамандары, ауыл тұрғындары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері) қатысуын қамтамасыз ету.**

**№1 әрекет.** Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Түпқараған ауданындағы әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген жастар, ауыл тұрғындары және **Қаражанбас кен орнының жастары, қызметкерлері**, білім беру ұйымдарының қызметкерлері Маңғыстау облысының қонақтары мен тұрғындары қатысады.

**5. Әр өткізілген шарадан кейін кемінде 5 адамнан шара туралы сұхбат алып, видеоға түсіріп, жариялау;**

**№1 әрекет.** «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу өткізген **Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Түпқараған ауданындағы** әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген жастар, ауыл тұрғындары және **Қаражанбас кен орнының жастары, қызметкерлері**, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, Маңғыстау облысының қонақтары мен тұрғындарынан жеке-жеке сұхбат алынады.

**№2 әрекет.** «JasArt» жеке меншік мекемесінің ресми және парақшасына пікір сұхбат роликі әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ арқылы аккаунттары тартылатын болады.

**6. Әр өткізілген шараны басынан соңына дейін толық видеоматериалын түсіру;**

**№1 әрекет.** Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Түпқараған ауданында, «Қаражанбас» кен орындарында өткізілген «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу басынан соңына дейін толық видео түсіріледі.

**№2 әрекет.** Өткізілген әр кездесудің видеосі арнайы монтаждалып, «JasArt» жеке меншік мекемесінің ютуб парақшасына жарияланады.

	<p><b>№3 әрекет. «Jasart Talks»</b> атты TEDx форматында кездесу өткізген спикерлердің айтылған афоризмдері жеке-жеке видео үзінділері жарияланып, таратылады.</p>
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	Маңғыстау облысы
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	1 наурыз 2023 жылы
9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні	31 қараша 2023 жылы
10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Маңғыстау облысының тұрғындары;</li> <li>2. 6-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары;</li> <li>3. 17-25 жас аралығындағы студенттер;</li> <li>4. 14-35 жас аралығындағы жастар;</li> <li>5. БАҚ өкілдері;</li> <li>6. Мемлекеттік мекемелер</li> <li>7. Үкіметтік емес ұйымдар</li> <li>8. Қоғамдық пікір көшбасшылары</li> <li>9. Өндіріс жастары</li> <li>10. Білім беру ұйымдарының қызметкерлері</li> </ol>
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жоба аясында Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог т.б. кемінде 5 тұлғаны Маңғыстау өңірінде өтетін шараларға қатыстырылады.</li> <li>2. Жобаны іске асыру шеңберінде өткізілетін шаралар TedX форматында болуын қамтамасыз етіледі.</li> <li>3. кем дегенде 3000 жасқа, тұрғынға діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алу бойынша ақпарат беріліп, олардан кері байланыс алынады.</li> <li>4. Жоба аясында өткізілетін шараға әр-түрлі санаттағы аудиториялардың (жастар, өндіріс жастары, мұнай саласының мамандары, ауыл тұрғындары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері) қатысуын қамтамасыз етіледі.</li> <li>5. Әр өткізілген шарадан кейін кемінде 5 адамнан шара туралы сұхбат алып, видеоға түсіріп, жарияланады.</li> <li>6. Әр өткізілген шараны басынан соңына дейін толық видеоматериалын түсіріледі.</li> </ol>

<p>Сандық нәтижелері</p>	<p>Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог яғни спикерлер – <b>5 адам</b></p> <p>«Jasart Talks» атты TEDx форматында кездесу - Ақтау қаласында – <b>1000 адам</b>, Жаңаөзен қаласы– <b>700 адам</b>, Мұнайлы ауданы– <b>600 адам</b>, Түпқараған ауданында– <b>400 адам</b>, «Қаражанбас» кен орны– <b>700 адам</b> қамтылады. (жанама қамту – <b>3000 адам</b>)</p> <p>Діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алу бойынша ақпарат беріліп, олардан кері байланыс алыну үшін – <b>30 сауалнама</b></p> <p>«Jasart Talks» атты TEDx форматында кездесуден әр көрерменнен сұхбат алу - Ақтау қаласында – 5 адам, Жаңаөзен қаласы– 5 адам, Мұнайлы ауданы– 5 адам, Түпқараған ауданында– 5 адам, «Қаражанбас» кен орны– 5 адам <b>видео сауалнама алынады.</b> (барлығы – 25 видео сұхбат )</p> <p>«Jasart Talks» атты TEDx форматында кездесуді басынан соңына дейін толық видеоматериалын түсіру - <b>5 видео</b></p>	
<p>Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері</p>	<p>Жобаны іске асырылғаннан кейін мақсатты топ өкілдерінен пікір – алмасу видео- сауалнамасы жүргізіледі және пікірлер алынады.</p> <p>Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін қатысушылардан әлеуметтік желі арқылы бағалау сауалнама жасақталады. Әр іс- шараға қатысушы қанағаттану деңгейі 80% кем болмау керек.</p>	
<p>12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*</p> <p>* Аталғантармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтырылады және серіктестердің хаттарымен расталады</p>	<p><b>Серіктестестер:</b></p> <p>Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы (қолдау хат жалғанды)</p> <p>Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармалары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы</li> <li>2. Мұнайлы аудандық ішкі саясат бөлімі</li> <li>3. Түпқараған аудандық ішкі саясат бөлімі</li> </ol>	<p><b>Қолдау түрі:</b></p> <p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына кәсіби - әдістемелік, ұйымдастырушылық, ақпараттық, ресурстық қолдау білдіреді.</p> <p>Мүдделі тарап</p> <p>Мүдделі тарап</p>

	<p>4. Қарақия аудандық ішкі саясат бөлімі  5. Бейнеу аудандық ішкі саясат бөлімі  6. Жаңаөзен қалалық ішкі саясат бөлімі  7. Маңғыстау ауданының ішкі саясат бөлімі  8. Ақтау қалалық ішкі саясаты</p> <p>Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталықтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы;</li> <li>2. Мұнайлы аудандық жастар ресурстық жастар ресурстық орталығы;</li> <li>3. Қарақия аудандық жастар ресурстық орталығы;</li> <li>4. Түпқараған аудандық жастар ресурстық орталығы;</li> <li>5. Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығы;</li> <li>6. Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы</li> </ol> <p>Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ  Маңғыстау облыстық «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ассамблея жастары» РКБ  (қолдау хат жалғанды)  Маңғыстау облысының білім басқармасы  «Бекен» жас көшбасшылар достастығы» ҚҚ  «Маңғыстау медиа» ЖШС  (қолдау хат жалғанды)  Түпқараған жастары ҚҚ  (қолдау хат жалғанды)</p>	<p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына ұйымдастырушылық, ақпараттық және мониторинг жүргізуге қолдау білдіреді  Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету. Соның ішінде конкурстық кастинг ұйымдастыруға қолдау көрсету.</p> <p>Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.</p> <p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына ұйымдастырушылық, ақпараттық, ресурстық қолдау білдіреді.</p> <p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына ұйымдастырушылық, ақпараттық, ресурстық қолдау білдіреді.</p> <p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына ұйымдастырушылық, ақпараттық, ресурстық қолдау білдіреді.</p> <p>Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық қамтамасыз ету және қолдау білдіреді.</p>
--	--	--

Жоба аясында өткізілетін барлық іс-шаралар әлеуметтік желілердегі @jasartmangystau инстаграм парақшасын үздіксіз жарияланатын болады. Сондай-ақ өңірлік пікір көшбасшыларының, Маңғыстаудың белсенді адамдарының, блогерлердің, сондай-ақ облыстық БАҚ арқылы akkaунттары тартылатын болады.

Ақпараттық өнім (мақала, бейнеролик, баннер, пост, бюллетень, т. б.)	Әлеуметтік жоба уақытындағы ақпараттық өнімдердің саны	Жарықтандыру арналары (теледидар, баспа басылымдары, интернет-порталдар, жеке сайт, әлеуметтік желілер, радио, таратылымдар, т. б.)	Ақпараттың таралу жиілігі
Пост	Аптасына – 1 пост Айына – 4 пост	Instagram, Facebook әлеуметтік желілері	Іс-шараның өту барысында аптасына
Бейнеролик	5	Instagram, Facebook, әлеуметтік желілері (таратылым)	Іс-шараның өту барысында 1 бейнеролик және анонс
Декорация	1	Іс-шараларды визуалды безендіру	Іс-шараның өту барысында
Мақала	5	Instagram, Facebook, әлеуметтік желілері Аймақтық және республикалық БАҚ	Іс-шараның өту барысында ар айына 2 рет
Брифинг	1	Instagram, Facebook, әлеуметтік желілері	Жоба іске асыру аясында брифингтер өткізу.

13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады

**Сонымен қатар:**

**№ 1 әрекет.** Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтайды;

**№ 2 әрекет.** Қордың медиа маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастырады. Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал инфлюенсерлер атсалысады;

**№ 3 әрекет.** Медиа маман қордың және жергілікті БАҚ үшін жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтерді монтаждап, тұрақты түрде жариялап отырады. Жоба іске асыру аясында брифингтер өткізіледі.



## 1. Күнтізбелік жоспар

№ Р/с	Шешілетін міндет	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер
1	Жоба аясында Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог т.б. кемінде 5 тұлғаны Маңғыстау өңірінде өтетін шараларға қатыстыру;	<b>Қазақстанға танымал,5 (бес) тұлға шақырылады.</b>	Наурыз	Маусым	Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог жас ұрпақтың көкейіне ой салып, үлгі көрсетіп жүрген кемінде 5 (бес) тұлғалармен заманауи еркін форматта кездесу шақырылады.
2	Жобаны іске асыру шеңберінде өткізілетін шаралар TedX форматында болуын қамтамасыз ету;	«Jasart Talks» TEDx форматындағы кездесуді өткізіледі.	Наурыз	Маусым	«Jasart Talks» TEDx форматында кездесу Маңғыстау облысына қарасты аудандарда, Қаражанбас кен орнында өтеді. Атап айтсақ, Ақтау қаласы – 2 рет, Жаңаөзен қаласы- 1 рет, Мұнайлы ауданы-1 рет, Түпқараған ауданы-1 рет , Қаражанбас кен орны -1 рет ұйымдастырылады. Сондай-ақ, Спикерлердің келуін тиімді пайдаланып басқа аудандарға да «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу ұйымдастыру жоспарланады.

3	Кем дегенде 3000 жасқа, тұрғынға діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алу бойынша ақпарат беріліп, олардан кері байланыс алынуы тиіс;	«Jasart Talks» TEDx форматындағы кездесуде 0.1 % сауалнама жүргізу.	Наурыз	Маусым	Әр «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу өткізетін спикер толық ақпарат беріліп, арнайы афиша немесе бейнеролик дайындалып, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларымызда және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ арқылы аккаунттары тартылатын болад №2 әрекет. Діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алуға арналған әлеуметтік желіден сауалнама жүргізіледі. Сондай-ақ, 0.1 % қатысушылардан сауалнама алынады.
4	Жоба аясында өткізілетін шараға әртүрлі санаттағы аудиториялардың (жастар, өндіріс жастары, мұнай саласының мамандары, ауыл тұрғындары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері) қатысуын қамтамасыз ету.	Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Түпқараған ауданы, Қаражанбас кен орнында өтеді.	Наурыз	Маусым	Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Түпқараған ауданындағы әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген жастар, ауыл тұрғындары және Қаражанбас кен орнының жастары, қызметкерлері, білім беру ұйымдарының қызметкерлері Маңғыстау облысының қонақтары мен тұрғындары қатысады.
5	Әр өткізілген шарадан кейін кемінде 5 адамнан шара туралы сұхбат алып, видеоға	Маңғыстау облысының қонақтары мен тұрғындарынан жеке-жеке 5 видео – сауалнама сұхбат алынады.	Наурыз	Маусым	«Jasart Talks» TEDx форматында кездесу өткізген Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Түпқараған ауданындағы әртүрлі салада мектепте

	түсіріп, жариялау;				немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген жастар, ауыл тұрғындары және Қаражанбас кен орнының жастары, қызметкерлері, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, Маңғыстау облысының қонақтары мен тұрғындарынан жеке- жеке видео – сауалнама сұхбат алынады. Әлеуметтік парақшаларға таратылатын болады.
6	Әр өткізілген шараны басынан соңына дейін толық видеоматериалын түсіру;	«Jasart Talks» TEDx форматында кездесу басынан соңына дейін толық видео түсіріледі.	Наурыз	Маусым	Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Түпқараған ауданында, «Қаражанбас» кен орындарында өткізілген «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу басынан соңына дейін толық видео түсіріледі. Өткізілген әр кездесудің видеосі арнайы монтаждалып, «JasArt» жеке меншік мекемесінің ютуб парақшасына жарияланады. «Jasart Talks» атты TEDx форматында кездесу өткізген спикерлердің айтылған афоризмдері жеке- жеке видео үзінділері жарияланып, таратылады.

### 5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері	Негіздеме/ түсініктеме
---	---------------------	---------------	------	-------------	----------------	----------------------	------------------------

						Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
	<b>Әкімшілік шығындар</b>					<b>1 158 960</b>		
	Еңбекақы, соның ішінде					<b>1 146 960</b>		
	Жоба жетекшісі (салықтарды қоса есептегенде)	ай	6	60 000	360 000			
	Ұйым есепшісі (салықтарды қоса есептегенде)	ай	6	60 000	360 000			
	Жоба SMM маманы (салықтарды қоса есептегенде)	ай	6	60 000	360 000			
	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	ай	6	5 760	34 560			
	МӘМС	ай	6	5 400	32 400			
	Банк шығындары	ай	6	2 000	12 000			
	<b>Шығын материалдары, негізгі құралдарға қызмет көрсету және ұстау үшін қажетті тауарларды сатып алу және басқа да қорлар, соның ішінде:</b>					<b>100 000</b>		
	Микрофон	дана	1	100 000	100 000			
	<b>Тікелей шығындар:</b>					<b>3 741 040</b>		
	Баспа қызметтері	қызмет	1	471 040	471 040			
	Дизайнер қызметтері	қызмет	1	20 000	20 000			

	<b>1. Жоба аясында Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог т.б. кемінде 5 тұлғаны Маңғыстау өңірінде өтетін шараларға қатыстыру;</b>				<b>3 000 000</b>		
	Спикерлер	қызмет	5	600 000	3 000 000		
	<b>5.Әр өткізілген шарадан кейін кемінде 5 адамнан шара туралы сұхбат алып, видеоға түсіріп, жариялау; 6.Әр өткізілген шараны басынан соңына дейін толық видеоматериалын түсіру;</b>				<b>250 000</b>		
	Видеооператор	қызмет	5	50 000	250 000		
	<b>Жиынында</b>				<b>5 000 000</b>		

\* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

#### 6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
- осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған с-шаралар жобасында болмауын;
- осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;

– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;  
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкескелетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;  
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;  
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен жасайтын берешекті қоспағанда);  
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болыпта былмайтынын;  
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруынтара туды қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.



«JasART» жеке меншік мекемесінің директоры

Исаева.А.Ж

Толтырылған күні: 16.02. 2023 жыл.